

FTAMP 17.82.20

3.3. Шакиров¹ (orcid – 0000-0002-7762-4212) – негізгі автор
А.Б. Темірболат² (orcid – 0000-0002-7888-8957)

¹Магистрант, ²Фил. ғылымдарының д-ры, профессор
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: zamanbek.shakirov@inbox.ru, alua.temirbolat@kaznu.kz

**ДУЛАТ ИСАБЕКОВ ДРАМАЛАРЫНДАҒЫ ТҮЛҒАЛАР
БЕЙНЕСІНІҢ РЕЦЕПЦИЯСЫ**

Аңдатпа. Мақалада жазушы, драматург Дулат Исабеков драмаларындағы тарихи және әдеби тұлғалар бейнесі жан-жақты сараланып, олардың бейнесі толыққанды ашылды. Автор драмаларындағы Бөрте, Шыңғыс хан, Мағжан Жұмабаев, Балуан Шолақ, Жамбыл Жабаев бейнелері драматургия және театр теориясына сай талданды. Көркем туындыны оқырман және көрермен ретінде зерттеу арқылы драмаларға рецепторлық жұмыс жүргізілді. Сондай-ақ, еліміздің белді театрларының репертуарларындағы Д.Исабековтың драмаларының режиссуралық шешімдері де талқыға салынды. Жазушы Д.Исабеков драмаларына рецепциялық жұмыс жүргізу арқылы оның шығармашылық лабораториясы да кеңінен ашылды. Мақалада автор мен оқырман арасындағы байланыс мәселесінен бөлек, талданған шығармалардың жанрлық-стильдік ерекшелігі айқындалды.

Дулат Исабеков драмаларындағы тарихи және әдеби образдарды оқырман және көрермен тұрғысынан талдап, ашып көрсету – мақаланың жаңашылдығы. Осы уақытқа дейін жазушының соңғы уақытта жарық көрген драмалары турасында рецепциялық жұмыс жасалмаған. Сол себепті, бұл тақырып турасында терең талдаулар жасай отырып, автор қазіргі әдебиеттану ғылымы үшін Дулат Исабеков драмаларына рецепторлық талдау жұмыстарын жүргізу өте өзекті деп қорытынды жасайды.

Тірек сөздер: драматургия, драма, пьеса, рецепция, рецептор, рецептивті эстетика, моральдық сарын, инновация, динамикалық проекция, коллаждау, трагедия, апробация, тарихи драма, тартыс, импровизатор, режиссура, юмор, комедия, тремарка.

Кіріспе. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдарда қазақ драматургиясы өзге жанрлар секілді қарқынды дамыды. Көптеген драмалық шығармалардың тақырыптық аумағы кеңейіп, тартыс (конфликт) арқылы адамдардың сан алуан болмыс-бітімін көрсету нәтижесінде кейіпкерлер характері ашылды және көркемдігі жағынан да кемдеу қалған емес. Жаңа заман мен жаңа адамның бейнелері жасалды. Осындай тың ізденістерді табу және ашу, ең алдымен, драматургтің талантына байланысты. Қазіргі қазақ драматургиясы туралы сөз еткенде, ең алдымен Дулат Исабековтың драмалық шығармалары ойымызға түсері анық.

Жазушы, драматург Дулат Исабековтің алғашқы пьесалар жинағы «Жеті желкен» деген атпен 1987 жылы жарық көріп, кейіннен 3 томдық драмалар жинағына ұласты. Қаламгер драмаларының жалпы саны отызға жуық. Бұл шығармалардың көпшілігі елордадағы театрлар мен республиканың түкпір-түкпіріндегі өзге театрлар арқылы көрермен қауымға жақсы таныс. Кеңес Одағы тұсында драматургтің «Ректордың қабылдау күндері», «Ертеңді күту», «Мұрагерлер», «Анасын аңсаған қыз», «Аралдағы адамдар», «Алыстан келген ананас», «Кішкентай ауыл», «Әпке» пьесалары кеңірек танылды. Бұл пьесалар гуманизм, адамдар бойындағы асыл, құнды,

ізгі қасиеттер мен жеке тұлғалар тағдырына негізделген. Жастар өмірі негізінде жазылған Д.Исабековтің «Әпке» пьесасы өмір қиыншылықтарымен күресе жүріп өз жолын тапқан адамдардың азаматтық бейнесін қалыптастырды.

Драма – қым қуыт күрделі жанр. Мұнда тек кейіпкерлердің өзара диалогы ғана емес, өмір шындығын бейнелей отырып, кейіпкерлер арасындағы тартыс құру арқылы психологиялық жағынан шыңдау керек. Адамның ішкі ойын сезіну, түйсіну арқылы және автордың монологтық тәсілді де қолдануы арқылы кейіпкерлердің жан дүниесіне үңіле білу секілді дүниелердің барлығының бір-біріне дәлме-дәл қабысып жатуы оңай емес. Кейбір драмалық шығармалардың тілі өте жұтаң, көркемдік дәрежесі төмен, сол себепті драматургия кез келген қаламгер қадам жасауға жүрексінетін терең де күрделі жанр. Қаламгердің қай драмасын алсақ та, өмірдің шынайы бет-болмысы суреттеледі. Автор драмаларын оқығанда ерекше көзге түсетіні – жалынды ғұмырын ұлт тәуелсіздігі жолына арнаған күрескер, өр рухты тұлғалар бейнесі. Жазушының «Бөрте», «Жүз жылдық махаббат», «Жаужүрек», «Қызыл жолбарыстың оралуы» драмалары осы қатарды толықтырады.

Дулат Исабековтің драмалық шығармалары рецепторлық әдіс тұрғысынан осыған дейін толыққанды зерттелмеген. Автор драмалары турасында ф.ғ.к. Б.М. Султанова өзінің «Д.Исабековтің Жаужүрек драмасының жанрлық-композициялық панорамасы» атты мақаласында драмадағы образдардың жасалуы, тартысты беру тәсілдері, кейіпкер тұлғасын тарихи дерек тұрғысынан талдап көрсету ерекшеліктерін ашып көрсеткен. Бұдан басқа 2011 жылы М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі ұсынған «XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты ұжымдық монографияда филология ғылымдарының кандидаты А.Қалиева Дулат Исабеков драмаларындағы ұлттық мәселелердің көрініс табуын және қаламгердің Тәуелсіздіктен кейін жарық көрген драмалық туындыларының отандық және шетел театрларында сахналанғандығын сөз етеді. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты ғалымдарының «XXI ғасырдағы театр: дәстүр және инновация» атты ұжымдық монографиясында театр сахнасында қолданылған соңғы инновациялық технологиялар туралы қамтылған. Ал, Дулат Исабеков драмаларына нақты рецепторлық талдау жұмыстары отандық әдебиеттану ғылымында жүргізілмей келеді. Сол себепті, көркем шығарманың рецепциясы мәселесі – қай уақытта да өзекті мәселелердің бірі.

Зерттеу деректері мен әдістері. Мақаланы жазу барысында Д.Исабеков драмаларындағы үзінділер іріктеліп алынды. Мақаланың зерттеу нысаны – Д. Исабековтің «Бөрте», «Жаужүрек», «Жүз жылдық махаббат», «Қызыл жолбарыстың оралуы» драмалары. Материалдарды түсіндіруде салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы, тарихи-функциональды, рецептивті, индукциялық, дедукциялық әдістер қолданылды.

Драматургияда тарихи және әдеби образдарды ашуда ең көп қолданылатын әдіс – рецептивті әдіс. Шығарманы оқырман және көрермен тұрғысынан талдау арқылы көркемдік бейне мен сахналық бейненің арасындағы едәуір айырмашылықтарды байқауға болады. Мақалада рецептивті әдіс төмендегідей мақсаттарда қолданылды:

- Д.Исабеков драмаларындағы тарихи және әдеби образдардың оқырман және көрермен санасына ықпал етуін анықтау;

- Драманың тақырыптық-идеясын қоюшы режиссердің көркемдік шешімімен байланысын анықтау;
- Драмадағы мәтін мен сахна тіліндегі айырмашылықтарды саралау.

Көркем шығарманың оқырман санасына әсер ету ерекшелігін айқындау мақсатында салыстырмалы әдіс қолданылды. Көркем туынды ретінде оқырман санасына және қойылым тұрғысынан көрермен санасына әсер ету ерекшеліктерін саралау үшін салыстырмалы әдісті қолдану арқылы Д.Исабеков драмаларының эстетикалық қуаттылығын көруімізге болады.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Драматург Д.Исабековтың драмаларына рецепциялық жұмыс жүргізбес бұрын, ең алдымен, рецепция ұғымына түсінік берген жөн.

Рецепция – қабылдау деген сөз. Аталмыш термин ХХ ғасырдың 60-80 жылдарында Германияда пайда болды [1,2]. Отандық әдебиеттану ғылымында әдеби туындыны рецепциялық пайым тұрғысынан қарау кенжелеу түрде зерттелеп келеді. Көркем туындыны жасаушы автор мен оқырман арасындағы байланыс, автор дүниетанымының оқырманға әсері, автордың көркем мәтіндегі образы секілді мәселелерді айқындауы – осы рецептивті эстетиканың басты міндеттеріне жатады. Көркем шығарманы қабылдайтын оқырман осы туындының мәнін анықтауда актив тұтынушы ретінде қарастырылады.

Кез келген туындыны рецептивтік тұрғысынан талдау үшін шығарманың төл иесі – авторы туралы жетік білуіміз қажет. Шығарманы оқу барысында өзара байланысқа түсетін автор мен оқырман болғандықтан, олардың арақатынасының неғұрлым ұзаққа созылуы туындының эстетикалық әсеріне байланысты болып табылады. Демек, барлығы дерлік қабылдаушыға байланысты. Қабылдаушы автор туындысын іздеп жүріп оқыса, онда автордың өзінің негізгі мақсатына жеткені. Шығарманы қабылдаушыны рецепиент деп атайды. Кей кездері оқырман өзіне әсер еткен туындыдан шыға алмай, сондағы кейіпкерлерді өзінің орнына қойып, сол әсермен жүрсе – онда ол шығарманың эстетикалық қуаты жоғары дегенді білдіреді.

Осы тұста Д.Исабеков пьесаларының басты құндылығы – тура бір оқырманы үшін жазылғандай әсер танытады. Автор драмаларын оқу және театрлық қойылым тұрғысынан тану арқылы рецепиент сол тылсым әлемге енгендей болады. Бұл - жазушының көркем туындыны жазудағы басты мақсатының орындалғанының белгісі.

Театр экран мен теледидарға қарағанда жанды өнер болуымен құнды. Сахнада актерлар драматургиялық шығарманың оқиғасы мен автор идеясын философиялық ой-толғауымен, психологиялық күйзелісімен, моральдық сарынымен баяндап жеткізеді. Қазіргі театрлар қойылым барысында туындыдағы негізгі дәстүрді сақтай отырып, инновациялық ізденістерге көптеп баруда.

Инновация дегеніміз – қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесін тауып шығару, кезекті білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып көнені өңдеу, бар нәрсенің мүмкіндіктерін одан сайын жақсарту, кемшіл нәрсені толықтыру, жаңа дүниені ойлап табу, тың нәрсені байқай білу, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа орта жаңалығымен өмірді жақсарту, сөйтіп адамзатқа жаңалық сыйлау.

Қазіргі театрларда жаңа сценографиямен басқара алатын технологиялар пайда болды. Мысалға: динамикалық проекция, коллаждау, жарықтық және

түстік партитура, кез келген дыбыстың қойылуы сынды көптеген мүмкіндіктер ашылды [2, 9].

Жіті назар салған адамға қазақ театрларының сахнасынан жаңалықтар мен өзгерістер енгізуге деген талпынысты байқауға болады. Тек ол процесс әр театрда әр түрлі режиссуралық шешіммен, әр актердің актерлік шеберлік қарымы арқылы білдіріліп жатады.

Солардың ішінде басты назарға ілігетіні – М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театры. Бұл театр репертуарында Д. Исабековтің екі бірдей драмасы бар. Соның бірі – Жүз жылдық махаббат» (2013 ж.) драмасы. Шығарманы екіжақты (көркем туынды және қойылым ретінде) тану арқылы Мағжан образының сан қырлылығын көреміз. Ең алдымен, тақырып не үшін «Жүз жылдық махаббат» деп аталды деген сұраққа көшелік. Мағжанға өмірлік серік болған аяулы жары Зылиха болатын. Қанша уақыт өтсе де, сыршыл ақынға деген Зылиханың махаббаты шексіз еді. Мағжанның «Сүй жан сәулем», «Сен сұлу» өлеңдері осы Зылихаға арналған, алайда бұл драманың негізгі тақырыбы ешқандай махаббат туралы емес. Автор Зылиха образы арқылы Мағжан бейнесін ашып көрсетуді мақсат еткен.

Драма С.Мұқанов атындағы театр актрисасының Алматыға Зылиханы іздеп келуімен басталады. Ең алғашында актрисаға жақтырмаған кейіп танытқан Зылиха Мағжанның иткөйлегін алып келгеннен кейін жібі түседі. Актрисаның Зылихаға келудегі басты мақсаты – Мағжан туралы дерек жинау, өйткені ол С.Мұқанов театрында Зылиханың рөлін ойнамақ. Мұны естіген Зылиха тірі адамға арнап драма жазған қай сауатсыз деп қатты ашуланады. Ақырында, Зылиха өзіне келген актрисаның бетін қақпай, Мағжанмен және өткен тарихпен сырласады.

Мұнда біздің басты назар аударатынымыз – орыстың ақыны Валерий Бреусовтың Мағжанды «Қазақтың Пушкині» атауы. Олай атауының себебі – оның албырттығы. Мағжан өз жолында талай қызды сүйген ақын. Оны сүйген Гүлсім болса да, бар көңілі Зылихада еді. Тіпті Гүлсім үшін Кәженмен (Гүлсімнің күйеуі) дуэльге шыққан. Сол үшін де ол – «Қазақтың Пушкині».

Драмадағы Мағжан өлімі – басты трагедиялық сәт. Мағжан өлімін Зылиха тарапынан беру арқылы қым-қуыт тартысты көре аламыз. Мағжанды ату жазасына кесу туралы арнайы Үштіктің қаулысы болмағандығы, Қазақстан Жазушылар Одағы және Мәскеудегі Жерлестік ұйымы «Жұмабаевты өлім жазасына кесуге лайық», - деп саяси баға бергендігі - шығарманың тартысқа толы тұсы. Бұл тұстан аңғаратынымыз – Д.Исабеков драмаларының тарихи деректермен, нақты фактілермен, аса бай мазмұнмен ерекшеленетіндігі.

Дәл осы драма М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының репертуарындағы туындының бірі. Режиссер тарапынан туындының кейбір бөліктері апробацияға ұшыраған. Қалай десек те, туынды толыққанды тақырыптық-идеялық жағынан ашылған.

Дулат Исабеков драмаларында тарихи образдардың да көркем бейнесі бар. Солардың бірі – «Бөрте» (2021 ж.) драмасындағы Бөрте және Шыңғысхан образдары. XIII ғасырда құрылған Моңғол империясының негізін қалаушы Шыңғыс ханның жұбайы Бөрте шығармада әлемді дүр сілкіндірген ұлы ханның ақылшы-кеңесшісі ретінде көрінеді. Бөрте өз кезегінде Аплотондай ақылы бар, сұлу да келісті парасат иесі. Қазіргі қазақ драматургиясында орта ғасырлардағы тарихи образдарды кеңінен суреттеп, оларға жан бітіру өте сирек ұшырасады. Тарихи тақырыпты игеру үлкен ізденіс пен тынымсыз еңбекті талап етеді. Осыған дейін қазақ әдебиетінде

Бөрте турасында жазылған жалғыз туынды бар. Ол Сәуірбек Бакбергеновтің «Бөрте – Шыңғысханның жұбайы» повесі. Дулат Исабеков бұл тақырыпқа келуде әйгілі ортағасырлық «Моңғолдың құпия шежіресі» тарихи еңбегіндегі тарихи деректерге жүгінген. Драмадағы келтірілетін өлең жолдары да сол құпия шежіреден алынған. Моңғолдың құпия шежіресі - Шыңғыс хан заманында (XIII ғасыр) жазылған бірден-бір құнды тарихи, ғылыми еңбек.

Ең алдымен, автор бұл драмада не себепті Бөрте басты орынға қойды деген заңды сауал туындайды. Жазушының басты мақсаты – ешкім алдына қарсы келмеген Шыңғыстай моңғол ханына әрі кеңесші, әрі өмірлік серігі, бағыт нұсқаушысы болған қоңырат қызының бейнесін ашу болатын. Драмадан Бөрте Шыңғысханнан бетер қауіп пен қатерді алдын ала сезетін ерекше қасиетін жоғары бағалауға болады. Соның ішінде Шыңғысханды екі рет ажалдан аман алып қалған Бөрте еді. Драмадағы оқиғалардың өрбіп, шынайы түрде көрініс табуына қолданған бірден-бір көркемдік тәсіл – түс көру. Түс көру туралы ғалым Г.Пірәлиева: «Түс көру – әдеби, өнер талпыныстарында әуел баста пайда болып, кейінірек өзіндік мазмұнға ие болған көркемдік тәсіл» [3,23],- деп көрсетеді. «Бөрте» драмасында психологиялық бейнелеу құралдарының ішінен түс көруден бөлек түс жору да бар. Драмада жиі кездесетін түстерге сәуегей түс, ойсыз түс, жайсыз түс, символдық түстерді атауымызға болады.

Бөртенің әкесі Дай шешеннің иығына самұрық құстың бір балағымен айды, екінші балағымен күнді шендеп қонуы – Дай шешеннің Есугеймен құда болатындығын аңғартса, Тимучин хандық құрарда меркіттердің қастандық жасайтынын Кейқуат кемпірдің алдын-ала сезуі және Бөртенің түсінде тоғайда адасып жүріп, төрт жолбарысқа талануы секілді түстер өзінен кейінгі оқиғаның болуын аңғартады.

Драмалық шығармаларда түс кейіпкерлердің іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан сенімді түрде дәл беру үшін және сол кезеңнің өзіндік дүниетанымына сәйкес ерекше акцент береді. Болатын оқиғаны түс арқылы алдын-ала болжау – драмалық шығармаларда сирек қолданылатын көркемдік тәсіл.

Жоғарыда атап көрсеткендей, Бөрте – Шыңғысханның сенімді серігі дедік. Оған тек қана Бөрте «сен» деп сөйлейтін болған. Ешкім батылы бармаған нәрсеге жалғыз Бөрте батылы жеткен және сөзін өткізе білген, ойын батыл айтудан қаймықпаған. Талай рет сөгіс алып, хан сарайынан қуылса да, Шыңғыстай ханда Бөртедей сенімді серік болған емес. Драманың басты идеясы да сонда жатыр. Ертеңді алдын-ала ойлайтын Бөртенің көрегендігіне әбден көзі жеткен Шыңғыс ханның «Еркек болсаң, сені түменбасы етер едім» деуі Бөртенің ақыл-парасатына берген бағасы болса керек. Бөрте де, Уәлі-әжін (Шыңғысханның анасы) де қоңырат тайпасынан шыққан. Бөрте оның әрі келіні, әрі сіңлісі, әрі сырласы да бола білді. Бөрте өз елінен аттанарда анасы Сәтіннің Уәлін-әжінге: «Менен гөрі әкесін көбірек тындап өскен қыз еді. Әкесімен бірге аң аулап, садақ атып, алқалы жиындарға қатысып, ерке боп өсті. Содан болар, ойы еркін, тілі тура»,-дейді. Бөрте шығармада табиғатынан шындыққа тура қарайтын, өресі биік өжет, қайсар қыз ретінде көрініс тапқан. Автор да өз оқырманы мен көрерменіне осы характерді жеткізгісі келген.

2021 жылы жарық көрген бұл драманың алғашқы премьерасы қазан айында Түркістан музыкалық драма театрында сахналанды. Қоюшы режиссері – италяндық Дэвид Ливермо. Театр сахнасында қолданылған әртүрлі аппараттар мен қойылымға сай инновациялық құрылғылардың

қолданылуы өз орнын тапқан. Жарықтың түсуі, жаңбырдың жаууы, соғыс кезіндегі ұрыстар мен шабуылдар секілді көріністер көрерменге өте ұтымды тәсілмен берілген.

М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық театрының репертуарындағы тағы бір теңдесіз туынды – халық арасында әрі балуан, әрі ақын, сері атанған Балуан Шолақ Баймырзақұлы туралы жазылған «Жаужүрек» драмасы (2009 ж., режиссері – Е.Обаев). Драма Қызылжар шаһарында өтетін әйгілі жәрмеңкеден басталады. Ол жәрмеңкеге солтүстік қазақ жеріндегі кездерден мындаған адам қатысады. Сол жәрмеңкеде ерекше көзге түсіп, Баймырзақұлы Нұрмағамбет жеңіске жеткен болатын. Туындыдағы Нұрмағамбеттің ерлік істері драманың басталуынан бастап айқын көрінеді. Нұрмағамбеттің әр сөзінен «елім, жерім» деген азаматтық ұстанымды көруге болады.

Жазушы Д.Исабеков «Жаужүрек» драмасында Балуан Шолақ бейнесін ел-жұртының жоғын жоқтаған, жанашыр, халқының маңдайына біткен нар тұлға ретінде тереңнен ашып көрсеткен. Оның өмірі мен өнері де халқы үшін, ұлты үшін арналды. Оны шығармадағы мына үзінділерден көреміз: «*Мен дүние жигалы жүрген жігіт емеспін. Өнерім мен өмірім – халқымдікі. Мен бәйгеден бір сабақ жіп те алмаймын*» [4, 229], - деп, жәрмеңкеде ұтқан бар дүниесін халқына таратып береді.

Драманың тартысқа толы тұсы - қазақ жеріне переселендердің келуі, бес күндік шен үшін Сыздық болыстың елін жауға беруі. Бұл тартыс драма біткенге дейін ұласады. Қазақ аулының тоз-тозы шығып, халықтың әбден қанжұта қиналғанын көрген Балуан бұл қорлыққа шыдай алмайды, сенімді серігі Ақылбай екеуі сол жолда соңына дейін күреседі. Нұрмағамбеттің халқының бостандығы үшін Долгоносовтың алдына барып, қазақ жерінен переселендерді келген жерінен кері қайтаруды сұрайды. Долгоносов Балуанның бұл әрекетіне тіксіне қарап, қабақ танытады. Ал, оның жары Елизавета Балуанды жабайыға теңеп, кемсітеді. Сол кезде автор Балуанның сөз тапқырлығын, пайым-парасатын, отаншылдық сезімін былай деп көрсетеді: «*Біріншіден, күйеуі сөйлеп тұрғанда әйелінің сөзге араласуы – көргенсіздік. Екіншіден, біз жабайы емеспіз. Еуропа шикі ет жеп, дамбалсыз жүрген кезде бұл далада Тұран империясы болған*» [4,240].

Долгоносов оның бұл сөзіне құлақ аспағаннан кейін, Балуан Шолақ Долгоносовтың қызын алып қашады. Қызының амандығы үшін уезд бастығы переселендерді қазақ жерінен босатып, Балуан Шолақтың еліне және отбасына себепсізден себепсіз тонау әрекеттері жүрмейді деген қолхат жазып береді. Демек, бұл драмадан да аңғаратанымыз – Балуан Шолақ балуан, сері жігіт ретінде емес, ұлт мұраты жолындағы бірегей тұлға екендігі. Ал, оның балуандығы, сегіз қырлылығы шығармада қосалқы түрде көрініс тапқан. Шығармадағы кейіпкерлер арасындағы драмалық тартыс көріністен көрініске көшкен сайын ұлғайып отырады. Жоғарыда атап өткендей, шығармада негізгі кейіпкердің жеке басының мүддесі емес, халық мүддесінің орны биік. Соның ішінде қазақ халқына сан ғасырдан мекен болған туған жердің баға жетпес асыл қазына екенін терең аңғарамыз. Шығарманы оқып отырған көрермен үшін де, театр сүйер қауым үшін де «туған жер» идеясы ой-санаға айқын сезіледі.

Жалпы әдебиеттану ғылымында көркем туындының құндылығын рецептивті тұрғыдан өлшейді. Оқырман қауымды қазіргі уақытта аса көлемді, кең құлашты туындылар аса қатты қызықтыра бермейді. Дулат Исабеков драмаларының тағы бір құндылығы ретінде өз оқырманын шығарма әлеміне елітіп әкететін ерекшелігін айтуымызға болады. Қабылдау – бейсаналы түрде

жүретін бейсаналы процесс. Шығарманы қабылдау барысында автор мен оқырман өзара диалогке түседі.

Зерделеп қарасақ, Д. Исабеков туындыларында ұлттық рух пен идея басым. Оның драмалары көрермен жүрегіне отаншылдық сезім мен жалынды рух сыйлайды. Кейіпкерлері де ұлт тәуелсіздігі жолында саналы ғұмырын сарп еткен, күрескер, өресі биік тұлғалар. Оның драмаларынан ұлт мүддесін биік қойған қазақ азаматтарының көркем бейнесін көреміз. Осы тұрасында зерттеуші ғалым филология ғылымдарының кандидаты Б.М. Сұлтанова: «Балуан Шолақ туралы пьесада да, ақын М.Жұмабаев туралы пьесада да Д.Исабеков жеке тұлға өмірімен тарихи жағдайларды сабақтастыра, бір-біріне өзек ете отырып, шиеленісті оқиғаны дамытады. Мұндай жағдайларда драмалық сөз ерекше стереоскопиялық сипатқа ие болады. Көрермен дәуірдің драмалық сипатына қанық болады және әр кейіпкердің жеке өмірімен тереңірек танысады» [5,265], - деп көрсетеді. Кейбір драмалары терең тартысқа құрылса да, барлығының бірдейкөркемдік шешімі трагедияға әкеліп соқпайды. Осы іспетті образдың бірі «Қызыл жолбарыстың оралуы» (1996 ж.) драмасындағы Жамбыл образы. Шығарманың негізгі идеясы ХХ ғасырдың Гомері атанған халық ақыны Жамбыл Жабаевтың ақындығын дәріптеу. Драмада Жамбыл бірнеше қырынан көрінеді. Жамбыл – импровизатор, айтыскер, оратор, күрескер, ұлт мұраты жолындағы ақын. Ақынның сан қырлығын ашуда Д. Исабеков өз драмасында диалогтарды шебер құра білген. Шығармадан сол кезеңнің белді өкілдері Л. Соболев, Фадеев, М.Әуезов, Ә.Тәжібаев, Ғ. Мұстафин, Ғ. Орманов, Т. Жароковтардың да образдарын кездестіреміз. Шығарманың басталуы мен аяқталуында қызыл жолбарыс ерекше рөл атқарады. Бұл жерде ең басты деталь ретінде жолбарыс бейнесі алынған. Ол қандай да бір жақсы немесе жаман жаңалықтың хабаршысы, белгісі ретінде саналады. Шығарма басында қызыл жолбарыстың Жамбылдан жырақ кетуі Жамбылдың жан дертіне айналды. Оны мына үзінділерден көре аламыз: *«Әне әне! Кетті. Алыстап кетті. Қамыс арасына кіріп барады. Қарады! Жарайды, бара ғой. Қимайтындай менде не қалды? Бара ғой. Қош, қош!»* [6, 237].

Ал, шығарма соңында қызыл жолбарыстың қайта оралуы соғыстың басталғандығын аңғартады. Оны Жамбылдың мына сөзінен аңғарамыз: *Қаңсыған қара шал еліне қайтадан керек болғалы тұрса... онда... бір зобалаңның төбеден төнгені дә... Солай ма жолбарысым? Үндемейсің, ә баяғы! «Ал, жүр, қызыл жолбарысым! Екеуіміз де елге керек боп қаппыз. Ақыры іздеп тапқан екенсің, ер кәрі досыңның соңынан! Жеңіске жетпей екеуіміз де өлмеуге серт берейік»* [6, 268]. Ақын бұл сөзді біліп айтты ма, әлде аузына құдай салды ма, Жамбыл Жабаев 1945 жылғы жеңістен соң, бір айдан кейін қайтыс болды. Сол секілді Жамбылға ауруханада жатқан кезінде көрінетін екі елес. Бұл да шығармада ерекше сипат алған. Елес те жамандық жаршысы ретінде көрінеді. Халық ақынының үстінен Сталинге арыз жазған бір топ белгісіз адамдар оны ақын санамай, ұлтшыл шалға теңейді. Осы арыздан кейін Сталин Фадеевті шақырып алып, қазақ еліне дереу тексеріс жүргізіп, бұл мәселеге нүкте қоюды тапсырады. Мәскеуден келген Л.Соболев Жамбыл ақынның әр сөзін тындап, оның теңдесіз талантына таңырқаумен болады. Осы ретте, М.Әуезов бастаған бір топ ұлт зиялылары бұл қатердің алдын алып, Мәскеуден келген Л.Соболевке ұлт атынан үн қатады: *«Кей сәтте бүтін бір халық бір азаматын арашалап қала алмауы мүмкін, ал бір азамат кейде бір халықты қорғап қала алады. Осыны ұмытпасаң болғаны»* [6, 264]. Әуезов өз сөзінде Жамбылға жабылған жала – қазақ ұлтына төнген

қауіп екендігін алға тартады. Бұдан аңғаратынымыз бұл драмада сол кезеңнің саяси ахуалы, жай-күйі, өмір шындығы суреттелген.

Сондай-ақ, шығармадан комедиялық тұстарды да көреміз. Жамбылдың жеке дәрігері Ақбике келіп: «Ойландыңыз ба, ата? Шешіне қойыңыз», - дегенде, Жамбылдың: «Мә, ендеше! Қоймадыңдар ғой. Бәрің риза болыңдар», - деп белінен төмен қарай түгел шешініп тастауы ақынның бала мінезділігін аңғартады. Шығарманың мұндай тұстары оқырманға көтеріңкі көңіл күй, күлкі сыйлары сөзсіз.

Дулат Исабеков пьесалары турасында белгілі театр сыншысы Ә.Сығай: «Дулат драматургиясына тән жақсы қасиет – оның халықтың калоритке, ұлттық мінез-құлық тегершіктеріне молынан назар аударатындығы. Диалогтарының оралымдылығымен, юморға жомарт тапқыр тілімен дараланып жатады» [7, б], - деп баға берген екен.

Д.Исабеков драмаларындағы тағы бір басты ерекшелік автордың тарапынан шығарманы аса бір қатты әсірелеп, күшейтіп, шамадан тыс шарықтатып жіберетін көркемдік құралдарды көп кездестіре бермейміз. Барлығын дерлік шынайы қаз қалпында бейнелеуге көбірек мән береді. Бұл - автордың жалпы шығармашылығына ортақ дүние.

Қорытынды. Қорыта келгенде, Д.Исабеков драмаларындағы әдеби және тарихи тұлға бейнелеріне рецепторлық талдау жұмыстарын жүргізу арқылы ол образдардың әр қырынан көрінетіндігін аңғарамыз. Жазушының саяси-әлеуметтік, қоғамдық-мәдени, тарихи тақырыптағы драмалары қай кезеңде болмасын құндылығын еш уақытта жоғалтпақ емес. Д.Исабеков пьесалары бүгінгі уақытта отандық және шетелдік театр сахнасынан түспей, сахналанып келеді. Ұлт тәуелсіздігі мен руханияты жолында күрескен тұлғаларымыздың бейнелері театр сахнасында қазіргі заманғы технологияға сай көрсетілуі – осы саладағы үлкен ізденістің жемісі. Қаламгердің драмалық туындыларын оқу арқылы оқырман ретінде әсер алсақ, театр сахнасында жанды бейне арқылы көрермен ретінде эстетикалық ләззат аламыз. Драма өнері сонысымен құнды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Райан, М. Әдебиет теориясы: Кіріспе [Мәтін] / М. Райан. –Астана: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 292 б. / https://openu.kz/storage/lessons/1941/debiet-teoriyasy-krspe_9_lecture.pdf
- 2 ХХІ ғасырдағы қазақ театры: дәстүр және инновация. Ұжымдық монография. – Алматы: Print Express, 2017. – 340 б.
- 3 Пірәлиева, Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері [Мәтін]: монография / Г. Пірәлиева. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
- 4 Сұлтанова, Б.М. Д.Исабековтің «Жаужүрек» драмасының жанрлық-композициялық панорамасы [Мәтін] / Б.М. Сұлтанова // Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің хабаршысы. – 2020. – №4. – 270 б.
- 5 Исабеков, Д. Жеті томдық шығармалар жинағы. 6-том. Пьесалар [Мәтін] / Д. Исабеков. – Алматы: Атамұра, 2012. – 320 б.
- 6 Исабеков, Д. Жеті томдық шығармалар жинағы. 7-том. Пьесалар [Мәтін] / Д. Исабеков. – Алматы: Атамұра, 2012. – 272 б.
- 7 Исабеков, Д. Жеті томдық шығармалар жинағы. 5-том. Пьесалар [Мәтін] / Д. Исабеков. – Алматы: Атамұра, 2012. – 352 б.

Материал редакцияға 18.02.22 түсті.

А.Б. Темирболат, З.З. Шакиров*Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан***РЕЦЕПЦИЯ ОБРАЗОВ ИСТОРИЧЕСКИХ И ЛИТЕРАТУРНЫХ ЛИЧНОСТЕЙ
В ДРАМАХ ДУЛАТА ИСАБЕКОВА**

Аннотация. Статья посвящена исследованию творчества классика казахской литературы Дулата Исабекова. В работе проводится анализ образов исторических и литературных личностей, получивших отражение в произведениях писателя. Рассматриваются принципы и подходы создания их портретной характеристики. Большое внимание уделяется постижению их внутреннего мира. Объектом анализа стали образы Борте, Чингисхана, Магжана Жумабаева, Балуана Шолака, Жамбыла Жабаева. Они рассматривались в драмах Д. Исабекова с учетом особенностей и принципов драматического искусства. Одним из аспектов изучения творчества писателя стала проблема рецепции. В статье рассматриваются особенности сценического воплощения драм Д. Исабекова и режиссерские решения в их постановки. С этой целью были выбраны произведения из репертуара театров Казахстана. В процессе исследования уделяется внимание творческой лаборатории писателя. Авторами статьи рассматривается жанрово-стилевая специфика анализируемых произведений, раскрываются взаимосвязи автора и читателя. В работе осмысляются особенности восприятия драм Д. Исабекова. Научная новизна и актуальность исследования заключается в том, что образы исторических и литературных личностей в произведениях писателя анализируются сквозь призму проблемы рецепции, которая является недостаточно изученной в отечественном литературоведении.

Ключевые слова: драматургия, драма, пьеса, рецепция, рецептор, рецептивная эстетика, моральный мотив, инновация, динамическая проекция, коллаж, трагедия, апробация, историческая драма, драка, импровизатор, режиссура, юмор, комедия, тремарка.

A.B. Temirbolat, Z.Z. Shakirov*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan***RECEPTION OF THE IMAGE OF THE PERSON IN THE DRAMAS OF DULAT ISABEKOV**

Abstract. The article is devoted to the study of the work of the classic of Kazakh literature Dulat Isabekov. In the paper the images of historical and literary personalities, reflected in the writer's works, are analyzed. The principles and approaches to creating their portrait characteristics are considered. Great attention is paid to understanding their inner world. The objects of analysis were the images of Borte, Genghis Khan, Magzhan Zhumabaev, Baluan Sholak, Zhambyl Zhabaev. They were considered in the dramas of D. Isabekov, taking into account the features and principles of dramatic art. One of the aspects of the study of the writer's work is the problem of reception. In the article the features of the stage implementation of D. Isabekov's dramas and director's decisions in their productions are discussed. For this purpose, works were selected from the repertoire of theaters in Kazakhstan. In the process of research, attention is paid to the creative laboratory of the writer. The authors of the article consider the genre and style specificity of the analyzed works, reveal the relationship between the author and the reader. In the paper the peculiarities of perception of D. Isabekov's dramas are comprehended. The scientific novelty and actuality of the study lies in the fact that the

images of historical and literary personalities in the writer's works are analyzed through the prism of the problem of reception, which is insufficiently studied in domestic literary studies.

Keywords: drama, drama, play, receptivity, receptivity, receptivity aesthetics, moral Saryn, innovation, dynamic projection, collage, tragedy, approbation, historical drama, tug of war, improviser, directing, humor, comedy, tremarca.

References

1. Rayan M. Ádebietteoriasy: Kirispe. –Astana: “Ultykaudarmaburosy” kogamdykkory, 2019. – 292 bet. Retrieved from: https://openu.kz/storage/lessons/1941/debiet-teoriyasy-krspe_9_lecture.pdf
2. XXI ғасырдағы қазақ театры: дәстүр және инновация. Ужымдық монография. – Алматы: Print Express, 2017. – 340 p.
3. Pirálieva G. Kórkem prozadaғы psihologizmniń keibir máseleleri. Monografia. – Алматы: Alash, 2003. – 328 p.
4. Sultanova B.M. D.Isabekovtiń "Jaǵjúrek" dramasyńyń janrlıq-kompozitsialyq panoramasy. Iassaǵy atyndaǵy halyqaralyq qazaq-túrik ýniversitetiniń habarshysy. – 2020. – №4. – 270 p.
5. Isabekov D. Jetti tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. 6-tom. Pesalar. – Алматы: Atamura, 2012. – 320 p.
6. Isabekov D. Jetti tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. 7-tom. Pesalar. – Алматы: Atamura, 2012. – 272 p.
7. Isabekov D. Jetti tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. 5-tom. Pesalar. – Алматы: Atamura, 2012. – 352 p.